


# ТҮПКІ МАҚСАТ – АЗАМАТТАРДЫ ЛАЙЫҚТЫ ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры АҚ (БЖЗҚ) – зейнетақы реформасының нәтижесінде 2013 жылы 22 тамызда құрылған зейнетақы қоры. Қор «МЖЗҚ» АҚ базасында сол кезде елімізде болған барлық зейнетақы қорларын біріктірді. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті арқылы «БЖЗҚ» АҚ-ның құрылтайшысы әрі акционері болып табылады. «БЖЗҚ» АҚ-ның зейнетақы активтерін Қазақстан Ұлттық банкі басқарады.



Қордың ресми сайтында көрсетілген деректерге назар аударатаң болсак, бұғынгі таңда аталған қордағы жеке зейнетақы шоттарының саны 12 миллион 242 мыңдан асып отыр. Ондағы жинақтардың жалпы мөлшері 21 триллион теңгеден асады. 2013 жылдың қыркүйегінен бастап 2024 жылдың оң қазанға дейінгі кезеңдегі таза инвестициялық кіріс 10 триллион 644 миллиард теңгені қураған.

Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры – еліміздің әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде ерек-

ше орын алатын институт. Қор қызметінің түпкі мақсаты азаматтардың зейнетақы жинақтарын тиімді басқара отырып, халықты лайықты зейнетақымен қамтамасыз етуге үлес қосу екенін айта кеткен жән.

**Жанар ЖАМАШЕВА,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
ФИ-22-11-К2  
тобының жетекшісі,**

**Аружан ЖИЕШ,  
студент**